

«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім
бөлімі Атбасар қаласы №7 жалпы орта білім беретін мектебі»КММ
МАД тобының сабақтарына кіру бойынша
Анықтама

2025 жылдың 22 сәуір күні 0 «ә» сыныбына сауаташу пәніне сабаққа кірдім.

Сынып жетекшісі Жаксыбаева С.Т

Сабақтың тақырыбы:Сөздер мен дыбыстар

Мақсаты: Сөзде түсіп қалған тиісті дыбысты табу, қандай да бір дыбысқа сөз құрау секілді тапсырмалар арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.

Сабақ шаттық шеңбер мен сәлемдесумен басталды, кейін сауат ашу сабағына саяхатқа аттанды. Балаларға сиқыршылар тапсырма дайындап, орындаған тапсырма үшін әріп тарту етті, тіл ұстарту жаттығу қайталап, сергіту сәтін орындап, буындап оқу, “Кім зерек?”, штрихтау технологиясы және сәйкестендіру әдістермен жұмыс жасады. Барлық бала тапсырманы орындауға тырысты. Оқушылардың көбісі сабаққа белсене қатысты. Мұғалімнің сабаққа қолданатын көрнекіліктері өз қолымен жасалынады екен. Және жас ерекшеліктеріне сай, әдемі ,талғамды түрде жасағаны байқалады. Мұғалім дидактикалық материалдардың сыртында АКТ-ны жақсы қолданды. «Әріпті тап», «Буын санын айт», «Дауысты, дауыссыз дыбыс түрлері» атты ойындарды АКТ пайдалана отырып ойнатты. Сабақ барысында кейбір оқушылардың тілінің дамуы орысшаға бейім екені байқалды.

Ұсыныс:

- Оқушылардың тілін дамыту барысында ертегілік қойылым қою жүргізу;
- Сабақта сұрақтарға толық, нақты жауап беруге дағдыландыру;
- Сабақта әр балаға жекелей тапсырмалар беріп, өзіндік жұмыстарға тарту;
- Сабақ барысында төмен көрсеткіш көрсеткен оқушылармен қосымша тапсырмалар беру арқылы дамыту жұмыстарын жүргізу;

Амрина Г.А

бастауыш сынып мұғалімі